

6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша
 (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған

Бахтиярова Саягул Жаксыбаевнаның «Қазақстанның дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім беру» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің

СЫН-ПІКІРІ

№ р/п	Критериялар	Критерийлерге сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірі тандалу керек)	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы).	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортының дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасына сәйкес отандық спортшылардың жетістіктерін спорт пен дене шынықтыруды дамытудағы маңызды нәтиже ретінде халықаралық тану салауатты үлттүү дамытудың негізі болып табылатындығымен байланысты екендігін атап өткен жөн. Диссертация тақырыбы біріншіден отандық спортың жоғары деңгейі, олимпиадалық білім беруді үйімдастырудың жинақталған тәжірибесі, дене шынықтыру және спорт мамандарының олимпиадалық сауаттылығы негізінде кәсіби дайындауды жүзеге асырудагы ғылыми-әдістемелік әзірлемелердің болмауы мен олимпиадалық білім беруді іске асыру мен таратуда жас ұрпақты олимпизм идеалдары мен құндылықтарымен таныстыруға бағытталған педагогикалық қызмет саласында тиісті олимпиадалық білімге ие, олимпиадалық мәдениеті қабілеттері мен дағдылары бар жоғары білікті мамандардың жеткіліксіздігін жою мақсатында таңдалып отыр. Осыған байланысты С.Ж.Бахтиярованың диссертациялық зерттеуі ғылымның даму бағыттарына және

			Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламаларында белгіленген басымдықтарға сәйкес келеді.
		2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	Диссертация тақырыбына сәйкес олимпиадалық білім беру қызметін жандандыру олимпиадалық қозғалыстың негізгі ресми құжаты – Олимпиадалық Хартияда көрсетілген және КР Ұлттық олимпиада комитетінің миссиясында жастарға олимпиадалық білім алуда жанжақты көмек көрсету қажеттілігі, олимпизмнің негізгі қағидаттарын насхаттау, мектептер мен жоғары оку орындарында дене шынықтыру және спорт бойынша оку бағдарламаларында олимпизмді таратуды жолға қою ерекше аталып өтіледі.
2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /коспайды, ал оның маңыздылығы жақсы ашылған/ ашылмаған	Жұмыс осы процесті жүзеге асырудан олимпиадалық білім берудің мүмкіндіктерінің тиісті деңгейде ескерілуіне, дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беру жүйесін мақсатты деңгейде теориялық және әдістемелік түргыдан негізделуіне елеулі үлес қосады. Зерттеудің маңыздылығы диссертацияның кіріспе бөлімінде толық ашылған. Осыған байланысты ұсынылған жұмыс дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім беру мәселесі бойынша отандық жұмыстардың ішіндегі алғашқы диссертациялық жұмыстың тақырыбы болып табылады.
3	Дербестік қағидасы	Дербестік деңгейі: 1) <u>жоғары</u> 2) орташа; 3) төмен; 4) дербестік жоқ	Өзі жазу деңгейі жоғары. Диссертация кіріспе, төрт бөлім қорытынды, практикалық ұсыныстар, сауалнамалар жүргізген және практикалық оқыту күралдарын (олимпиадалық сөзжұмбактар, олимпиадалық викторина, олимпиадалық іскерлік және зияткерлік ойындар, олимпиадалық сабактар, олимпиадалық сөздіктің алфавиттік реттелген тізімі) дайындаған. Ізденуші алға қойған мақсат-міндеттеріне жету үшін тақырыптың өзектілігін көрсете

			отырып нақты міндеттерді сарапал көрсетеді және оның тұжырымдарын шығарады.
4	Ішкі бірлік қағидасы	4.1 Диссертация өзектілігінің негізделгендердің: 1) <u>негізделген</u> 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген	Зерттеу жұмысының өзектілігі негізделген. Дене шынықтыру және спорт саласы мамандарына жүргізілген «Олимпиадалық білім беру мәселесінен хабардарлығы, қатынасы және қызығушылығын анықтау» саулнамасы және дене шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің «Олимпиадалық ойындарға көзқарасы, қызығушылығы және олимпиадалық білімі жүйесінің қалыптасу деңгейін анықтау» саулнамасын өткізу зерттеу мәселесінің бар екендігін айқындады. Олимпиадалық білім беру бойынша алдыңғы қатарлы елдердің озық тәжірибесін мен дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындайтын жоғары оқу орындарының іс-шарларының мазмұнын жан-жақты зерттеу және нақты шынайы деректерге сүйенген ғылыми тұжырымдар жасау да диссертация тақырыбының өзектілігін дәлелдей түсken.
		4.2 Диссертация мазмұнында диссертация тақырыбының айқындалғандығы: 1) <u>айқындейды</u> 2) ішінара айқындейды; 3) айқынданмайды	Диссертацияның мазмұны диссертация тақырыбына толықтай сәйкес келеді. Көрсетілген ғылыми және тәжірибелік нәтижелер реттелген.
		4.3 Мақсат-міндеттердің диссертация тақырыбына сәйкестігі: 1) <u>сәйкес келеді</u> 2) ішінара сәйкес	Ғылыми жұмыс алға қойылған мақсаттар мен міндеттерден туындастын теориялық алғышарттар негізінде құрылған, осы негізде зерттеудің басты қағидаттары жүйелі түрде анықталып тұжырымдаған.

	<p>келеді;</p> <p>3) сәйкес келмейді</p> <p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық түрғыда байланысқан:</p> <p><u>1) толық байланысқан;</u></p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ;</p>	<p>Жүргізілген зерттеулер логикалық дәйектілікпен сипатталатын ғылыми жұмыстың толық жүйесін білдіреді. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелер толығымен өзара бір-бірімен тығыз байланысты.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p><u>1) сыни талдау бар;</u></p> <p>2) ішінара сыни талданған;</p> <p>3) талдау өз пікірлерінен емес, басқа авторлардың цитатасынан құралған</p>	<p>Диссиденттант ұсынған жаңа шешім, яғни Қазақстанда дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда олимпиадалық білім беруді жетілдіру мәселелері нақты дәйектелген. Сыни талдаудың бар екендігіне олимпиадалық білім берудегі ғылыми бағыттарға талдамалы шолулар дәлел бола алады. Олимпиадалық білім берудің шетелдік тәжірибесіне ауқымды талдаулар жүргізген, жоғары оқу орындарында дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындау бойынша олимпиадалық білім берудің нысандары мен әдістерін талдаған, осы негіздерге сүйене отырып олимпиадалық қозғалыстың озық тәжірибесіне бағдарланған болашақ дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындауда отандық әдіснаманы жетілдірудің қажеттігін көрсетті.</p>
5	<p>Ғылыми жаңашағын қағидасы</p> <p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа</p> <p>мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75%</p>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа.</p> <p>Бірінші нәтиже бойынша алғаш рет олимпиадалық білім беру тәжірибесін әволюциялық және әлеуметтік-педагогикалық ұстанымдардан зерделеу бойынша жүйелі және логикалық негізделген талдау жүргізілген, бұл дene шынықтыру және спорт</p>

	<p>жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады)</p>	<p>мамандарының және жалпы қазақстандық қоғамның олимпиадалық қозғалысы саласындағы құзыреттілігін арттыруға ықпал етті.</p> <p>Екінші нәтиже бойынша «олимпизм» және «олимпиадалық білім» ұғымдарының анықтамаларын зерттеудегі шет мемлекеттердің теориялық және практикалық тәжірибесі олимпиадалық білім беруде қазақстандық мамандарды дайындаудың жаңа әдістемелік жолдарын табу үшін аса маңызды болып табылады.</p> <p>Үшінші нәтиже бойынша Олимпиадалық білім берудің әзірленген құрылымдық-мазмұндық моделіне сәйкес алғаш рет студенттердің оку процесіне ағымдағы және қорытынды білімді бақылаудың бірегей тесттік нысандарын қарастыратын «Олимпиадалық білім беру» оку үрдісіне элективті пәні енгізілді.</p> <p>Төртінші нәтиже бойынша дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындау оку жоспарында «Олимпиадалық білім беру» элективті курсын пайдалану кезінде олимпиадалық мәдениеттің қалыптасуы деңгейі мен білімнің жүйесін сипаттайтын үш блокты қамтитын олимпиадалық білім беру бойынша мамандарды дайындаудың эксперименттік әдістемесі әзірленді және тиімділігі тексерілді.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қортындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</p> <p>3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады)</p>	<p>Диссертациялық жұмыста алынған тұжырымдар барлығы жаңа, өйткені олардың негізінде студенттердің олимпиадалық сауаттылық деңгейін, олимпиадалық мәдениеттің сенімді және ақпараттылығы жоғары әдістер мен құралдарды пайдалана отырып, олимпизм үлгісінде тәрбиелік құндылыққа ие, білімді маманның қалыптасуына үлес қоса отырып, олимпиадалық білім беру идеясын өскелен үрпаққа тарату кешенді түрде шешуге негізделген.</p>

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><u>1) толығымен жаңа;</u> <u>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> <u>3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады)</u></p>	<p>Технологиялық шешімдер жаңа және негізделген болып табылады, бұл халықаралық шетелдік конференцияларда мақалалар тезистерінің жариялануымен, нәтижелерді тәжірибелік қызметке енгізу актісімен расталғанын көруге болады.</p>
6	Негізгі қортындылар дың негізделгендігі	Барлық негізгі қортындылар ғылыми құндылығы бар дәлелдерге негізделген <u>негізделген/негізделмеген (qualitative research, өнер тану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</u>	Бахтиярова Саягулдің зерттеу жұмысындағы қорытындылардың ғылыми құндылығы бар нақты олимпиадалық білім беру мәселесі бойынша әдебиеттік деректерді талдау, олимпизмнің білім берудегі жағдайындағы шетелдік және отандық тәжірибелі талдау, «олимпизм», «олимпиадалық білім» ұғымдарын зерделеу, дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім берудің құрылымдық-мазмұндық моделін жасау, дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындауға арналған «Олимпиадалық білім беру» элективті пәні негізінде олимпиадалық білім беруді дамыту мен жетілдіру әдістемесінің тиімділігін қарастырды. Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесінің ережелері мен теорияларына сүйену, қарастырылып отырған тақырыпқа қатысты ғалымдар тарапынан бұрын-соңды айтылған пікірлерді сараптау арқылы қорытындылардың шынайылық дәрежесінің жоғары болуы қамтамасыз етілген.
7	Корғауға шығарылатын,	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап	С.Ж.Бахтиярованың зерттеуі қазіргі спортты мәдениет пен біліммен үйлестіре отырып, олимпизм күш-жігердің қуанышын, жақсы

	негізгі қағидаттар	<p>беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p><u>1) дәлелденді</u></p> <p>2) дәлелденді деуге болады;</p> <p>3) дәлелденбеді деуге болады;</p> <p><u>4) дәлелденбеді</u></p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p><u>1) иә</u></p> <p><u>2) жоқ</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><u>1) иә</u></p> <p><u>2) жоқ</u></p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p><u>1) тар;</u></p> <p>2) орташа;</p> <p><u>3) кең</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><u>1) иә</u></p> <p><u>2) жоқ</u></p>	<p>тәрбиелік құндылығын және жалпыға бірдей негізгі этикалық қағидаларды құрметтеуге негізделген өмір салтын қалыптастыруды ізгіліктендіру саласына арналған.</p> <p>1 ереже – дәлелденген, әрі жаңа, қолдану деңгейі – кең, автор мақалаларында дәлелденген;</p> <p>2 ереже – дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі – кең, автор мақалаларында дәлелденген;</p> <p>3 ереже – дәлелденген, жаңа, қолдану деңгейі – кең, автор мақалаларында дәлелденген;</p> <p>4 ереже – дәлелденген, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі – кең, автор мақалаларында дәлелденген;</p> <p>Зерттеу тақырыбы аясында КР ЕЖБМ ЕЖБСҚҚ ұсынған ғылыми журналдарда 7 мақала, Scopus халықаралық базасына кіретін журналдарда 2 мақала, республикалық ғылыми журналында 1 макала, 7 - Халықаралық, 1 – Бүкілресейлік және 1 – республикалық конференция материалдар жинағында мақалалары жарияланды. «Олимпиадалық білім» оку қуралы жарық көріп, оку үрдісіне пайдаланылған, авторлық құқық объектісіне мемлекеттік тіркеу туралы Куәлік алынған.</p>
8	Дәйектілік	8.1 Әдіснаманың	Әдістемені тандауы негізделген, пайдаланылған әдістер зерттеу

	принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған <u>1) иә</u> <u>2) жок</u>	міндеттеріне толық сәйкес келеді және диссертация мазмұнында егжей-тегжейлі сипатталған. Зерттеуде қолданылған әдістер дәйекті, дұрыс таңдалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндөу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: <u>1) иә</u> <u>2) жок</u>	Диссертация жұмысының 4-тарауындағы нәтижелер компьютерлік SPSS Statistics 25.0 нұсқасы бойынша заманауи әдістер мен статистикалық бағдарламалар пакетін қолдану арқылы өндөлген. Атап айтқанда ізденуші сауалнама жүргізу кезінде компьютерлік технологияларды пайдаланған.
		8.3 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және занылыштар эксперименттік зерттеулермен <u>дәлелденген және</u> <u>расталған</u> (педагогикалық	Зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау, сауалнама нәтижелерін бағалау дene шынықтыру университетінің студент жастары арасында олимпиадалық принциптерді насиҳаттауға бағытталған эксперименттік бағдарламаны өзірлеу және сынақтан өткізуге мүмкіндік беретін практикалық жұмыстар педагогикалық эксперименттің дәдігіне мүмкіндік берді. Олимпизмнің іргелі идеяларын берудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын «Олимпиадалық білім беру» пәні М.Әтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің оқу процесіне енгізілген. Зерттеу жұмысында алынған дene шынықтыру және спорт мамандарын

		<p>ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p><u>1) иә</u> <u>2) жоқ</u></p>	дайындауда ортада олимпиадалық білім беру мен идеалдарды насихаттау бойынша оң педагогикалық эксперимент дәлелденген.
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған/ішінара</u> расталған/ актуалды және дәлелді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталмаган</p>	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Жұмыста әдістемелік тұжырымдар эксперимент нәтижелері арқылы талданып, ғалымдардың ғылыми қағидалары негізге алынып, ізденушінің өзіндік тұжырымдарымен қорытындыланған.
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Зерттеуде 194 әдебиетке шолу жасалған.</p> <p><u>жеткілікті/әдебиетке шолу үшін жеткіліксіз</u></p>	
9	Практикалық күндылық қағидаты	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p><u>1) иә</u> <u>2) жоқ</u></p>	Диссертацияның теориялық маңызы шетелдік және отандық тәжірибеде олимпиадалық білім беру тәжірибесін жинақтаумен, оның әлеуметтік-тариhi негіздерін ашумен және олимпиадалық білім беруді ұйымдастыруды іске асыру жолдары ерекшеліктерін анықтау

			туралы іргелі идеяларды негіздеуімен анықтала түседі.
	9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	1) иә 2) жоқ	Студенттерді олимпизм, олимпиадалық қозғалыс және Олимпиада ойындары туралы білімдерімен қаруландыру, олар өздерінің болашақ мамандықтарының жұмысы барысында қолдана алады. Студенттердің спорт мәдениетін, олимпизм мен олимпиадалық қозғалысты тарату мен дамытудың нақты тетіктерін зерделеу дene шынықтыру және спорт мамандарының кәсіби білім беру бағдарламасының ажырамас құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл жұмыстың практикалық маңызы жан-жақты екеніне дәлел бола алады.
	9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады ма?	1) толығымен жаңа; 2) ішінara жаңа (25-75% жаңа болып табылады) 3) жаңа емес (25% кемі жаңа болып табылады)	Диссертант ұсынған «Олимпиадалық білім беру» пәннің мазмұнын толық ашу үшін практикалық сабактарда «Олимпиадалық ұяшық», «Олимпиада әліппесі» зияткерлік ойындары, олимпиадалық сабактар, олимпиадалық викториналар, олимпиадалық сөзжұмбақтар, олимпиадалық сөздіктер, рөлдік ойындар олимпиадалық білім беру саласындағы дene шынықтыру және спорт мамандығы студенттерінің білім жүйесін табысты қалыптастыруға ықпал етеді және толығымен жаңа.
10	Жазу және рәсімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен	Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары, бұл сөзімізге келтірілген деректердің жүйелі негізде қарастырыла отырып, ғылыми тұжырымдар мен пайымдаулардың өте сауатты тілде жазылуына себеп болғаны дәлел.

(PhD) Философия докторы дәрежесін беру мүмкіндігі туралы қорытынды:

Бахтиярова Саягул Жаксыбаевнаның «Қазақстанның дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындау жүйесіндегі олимпиадалық білім беру» атты диссертациялық зерттеу тақырыбына сәйкес олимпиадалық білім беру

бойынша дene шынықтыру және спорт мамандарын дайындау, олимпиадалық білім берудің өзектілігі мен қажеттілігі бүгінде халықаралық деңгейде танылған. Дене шынықтыру және спорт мамандарын дайындаудағы олимпиадалық білім берудің рөлін айқындау мақсатында жұргізілген Бахтиярова Саягул Жаксыбаевнаның 6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған жұмысы «Ғылыми дәрежелерді беру Ережелеріне» толық сәйкес келеді, ішкі байланысы және тұтастығы бар толыққанды аяқталған ғылыми зерттеу жұмысы болып табылады. Ал оның авторы Бахтиярова Саягул Жаксыбаевна 6D010800 - «Дене шынықтыру және спорт» мамандығы бойынша (PhD) Философия докторы дәрежесін алуға лайықты

Ресми рецензент:

**педагогика ғылымдарының докторы, профессор,
әл-Фараби атындағы Қазак ұлттық университеті**



Алимханов Е.А.

